

Диссертациялық кеңестің
2021 жылғы жұмысы туралы

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБИ

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» жанындағы
(ұйым атауы)

«6D010300 - Педагогика және психология»,
«6D010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша
Диссертациялық кеңесі

«6D010300 - Педагогика және психология», «6D010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Басқарма Төрағасы - ректор м.а. № 03-05/370 бұйрығымен 2020 жылы қараша айының 03 күні құрылып, төрағасы педагогика ғылымдарының докторы профессор Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлы болып бекітілді.

Диссертациялық кеңеске «6D010300 - Педагогика және психология», «6D010700 - Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін қорғауға диссертацияларды қабылдауға рұқсат берілген.

Аталған кеңестің жалпы құрамы 12 адам. «6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша – 6. «6D010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша - 6.

1.Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер

2021 жылы «6D010300 - Педагогика және психология», «6D010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Диссертациялық кеңестің екі мәжілісі өткізілді.

2. Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні

Отырыстардың жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері - жок.

3.Оқу орны керсетілген докторантың тізімі

Қорғау мерзімі мен олардың саны диссертациялық кеңестің Ережелеріне сай анықталып өткізілді:

1. Белегова Алия Аканбаевна- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
2. Кыдырова Салтанат Рашидовна- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
3. Касымова Гулжайна Куралбаевна - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
4. Бураева Жанат Бауыржановна - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
5. Абижанова Асем Шаймерденовна - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

4. Есеп беру жылы бойына диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Диссертациялық жұмыстардың тақырыптары көрсетілген мамандықтардың дамыту бағыттарымен, республикадағы білім беру жүйесінің мемлекеттік бағдарламасының дамуымен сәйкес келеді және практикалық бағыттылығы бар.

1. Белегова Алия Аканбаевна. Диссертация тақырыбы: «Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру».

Мамандығы: 6D010300 — Педагогика және психология.

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық

университетінде орындалған.

Қорғау тілі – Қазақ тілі.

Отандық ғылыми кеңесшісі:

Тұрғынбаева Ботагүл Алтаевна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:

Потелюнене Снегина Владовна - доктор, профессор, Витаус Магнус университеті, Вильнюс қаласы, Литва.

Рецензенттер:

Масырова Римма Рамазановна - педагогика ғылымдарының докторы, профессоры, Еуразиялық технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.01 - Жалпы педагогика, педагогика, білім беру тарихы, этнопедагогика).

Тастанов Әділбай Жұматайұлы - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Халықаралық туризм және меймандос университеті, Түркістан қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.04 - Дене тәрбиесі, спорттық жаттықтыру, сауықтыру және бейімдеу дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі)

Қорғау 2021 жылдың 26 наурызында өтті.

Зерттеудің өзектілігі. ХХІ ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс жаңа технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністермен ерекшеленеді. Бұл ретте еліміздің білім жүйесінде айтарлықтай инновациялық серпілістер жасалды. Осыған орай еңбек нарығының талаптарына сай дені-сау, ой-өрісі, шығармашылық әлеуеті дамыған, білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдалана, дұрыс шешім қабылдай білетін, өзін-өзі бағалай, басқара алатын мамандарды даярлаудың отандық жүйесін жасау мемлекеттің негізгі міндеттерінің қатарынан саналады. Бұл мәселе білім саласының жұмысын реттейтін құжаттарда белгіленген.

Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы, Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында, Президент Қ.К.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында білім беру саласында мемлекеттік саясаттың басты қағидалары ретінде жеке тұлғаның білімділігін ынталандыру және білім берудің дамытушылық сипатын арттыру мәселелері айқындалып, басымды міндеттер ретінде қабылданған

2014 жылы қабылданған ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында дене шынықтыру мен спорт саласында мамандар даярлау және оны ғылыми-әдістемелік және ғылыми-техникалық қамтамасыз ету жолдары нақтыланған. Денсаулығы мықты, дене сапалары, дене бітімі қалыптасқан адам ғана өз қимыл-әрекетін өмірлік маңызды міндеттерді шешуде шығармашылық бағыт ұстана отырып, белсенді өмір сүруге қабілетті болады. Демек, дене мәдениеті білім мен тәрбие беру саласының басты міндеттерінің бірі бола отырып, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне себепші болады.

Кәсіби шеберлікті игеру үрдісі жоғары рефлексия деңгейінсіз мүмкін емес. Рефлексия-ішкі психикалық актілер мен күйлердің субъектісі ретінде өзін-өзі тану процесі, бұл адам қызметінің психологиялық компоненті. Рефлексивті мәдениет рефлексивті процестерге мақсатты түрде қалыптасқан ұйымдасқан сипат береді және әлеуметтік-мәдени білім беру шындығы аясында қарастырылады. Педагогикалық рефлексия-дене шынықтыру мұғалімінің жеке басының маңызды қасиеті, осыған байланысты оның кәсіби дайындық процесінде қалыптастыру мен дамыту жоғары білім беру жүйесінің өзекті міндеті болып табылады

Болашақ дене шынықтыру мамандарына спорттық әрекеттерде: оқу –жаттығу жиындарында, жарыс – сайыстарда, оқушылармен білімдік, тәрбиелік жұмыстарда, олармен нәтижелі қарым-қатынас орната алуда өзін-өзі ұйымдастыру, өзін - өзі жүзеге

асыру, өзін - өзі бағалау, эмоциясын басқара алу сынды іскерліктер қажет. Олар - адамның өз әрекетіне, ойларына, бастамаларына қайта-қайта назар аудару, сырттай бақылаушы позициясына тұра алу қабілеті немесе *рефлексия* арқылы жүзеге асады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

1. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды,

2. «Рефлексия», «рефлексивтік мәдениет» ұғымдары нақтыланды. «Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениеті» ұғымына авторлық анықтама берілді.

3. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды.

4. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «*Спорт педагогының рефлексивтік мәдениеті*» атты ғылыми - практикалық құрал мен пәннің оқу - әдістемелік кешені әзірленді.

Зерттеудің практикалық мәнділігі: диссертациядағы теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар ЖОО, орта мектептің жанартылған білім мазмұны талаптарына сәйкес дене шынықтыру пәні мұғалімін даярлауға, жоғары білім беру жүйесінде студенттердің өз әрекетін бағалай алу біліктерін қалыптастыруға көмегін тигізеді. Зерттеу материалдары бойынша нәтижелерін арнаулы және жоғары оқу орындарында, сондай-ақ, оқытушылардың біліктілігін арттыратын ұйымдарда кеңінен пайдалануға болады.

2 Кыдырова Салтанат Рашидовна. Диссертациялық тақырыбы: «Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары».

Мамандығы: 6D010300 — Педагогика және психология.

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі – Қазақ тілі.

Ғылыми кеңесшілері:

Жиенбаева Надежда Бисеновна - психология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Mehmet Arif Özerbaş– доктор, профессор. Гази университеті. Анкара қ, Түркия.

Рецензенттер:

Бұлақбаева Мейрамгүл Кенесбаевна– педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан (мамандық шифры 13.00.01)

Сағдуллаев Иброхим Ирисматович – философия докторы (PhD). Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.01.01).

Қорғау 2021 жылдың 26 наурызында өтті

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақстан әлемнің үздік отыз елінің қатарына және дүние жүзінің жоғары білімді елдерінің қауымдастығына енуі жағдайында, заманауи өркениеттік өзгерістер барысында бүгінгі дәуірдің әлеуметтік сұраныс мәртебесіне ие болатын бәсекеге қабілетті тұлғаның рухани, шығармашылық тұрғыдан дамуына қажеттілік артып отыр.

Осы тұрғыдан адамзат капиталын, ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытуда, қоғамның рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтауда білім берудің рөлін өзектілеуге бағдарлау Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында көрсетілген. Оған қоса Елбасының 2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «ұлттық жаңғыру деген ұғым ұлттық сананың кемелденуін білдіретіндігін, Қазақстан халқының бойларында «ұлттық салт-дәстүрі, тілі мен музыкасы, әдебиеті, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы мәңгі

калуға тиістігін» ескерсек, студенттің шығармашылық ойлауын дамытуды зерттеу қажеттігі тереңдей түседі.

Өйткені, тұлғаның шығармашылық даму деңгейі құндылық бағдарларға, мәдениетке, кәсіби іс-әрекет нормаларына ықпал етеді. Шығармашылыққа бағытталған ақпараттың басымдығы жағдайында адам бірқатар «тұлғалық негізді» меңгеруі керек. Мұндай «негізді» қалыптастырып, игеруге көмек беру – жоғары оқу орнының маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан да ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты болып «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру; тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу барысында жалпы адамзаттық құндылықтарға мән беру; ғылымның ел экономикасына қосатын үлесін ұлғайту» табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында (2 қыркүйек, 2019 ж.) шын мәнінде, педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі жоғары болуымен қатар педагогика саласында жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, тұрақты өзін өзі жетілдіруге бағыт алған, рухани дүниесі бай, шығармашыл тұлға, оның кәсіби шеберлігі әдістемелік жұмыстағы шеберлігімен ұштасып, ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесін таратып жүрген ұстаз ретінде көрінуі шарт екендігі айтылған.

Өйткені, кәсіби білікті және шығармашыл ұстаз ғана бәсекеге қабілетті ұрпақты қалыптастыра алады.

Заманауи және әлемдік деңгейдегі қарама-қайшылықтарды, білім берудің жаңа ұлттық моделі деңгейінде өзекті мәселелерді шешуде болашақ педагогтардың шығармашылық қабілетін дамыту айрықша талапқа ие. Шығармашылықтың күрделі негізін түсінуде, оның озық тәжірибесін зерттеуде студенттерге білім берудің жаңаша әдістемесін ұсыну қажеттігі де осыдан туындайды. Бұл – студенттердің, соның ішінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық ойлауын даярлау бағытында жаңаша көзқарастарды қарастыруды талап етеді. Шығармашылық ойлаудың дамуы бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасуының негізі, бұл *біріншіден*, *екіншіден* шығармашыл тұлғаны мектеп қабырғасынан қалыптастырған дұрыс, ал *үшіншіден* балалардың шығармашылық тұрғыдан дамуына басым ықпал ететін болашақ педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту қажеттілігі арта түседі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

- I студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың теориялық негіздері анықталды;
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды;
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі экспериментте тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту деңгейлерін диагностикалау мен бағалау әдістемесі жасалды;
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың әдістемесі жасалды;
- «Студенттердің шығармашылық ойлауының дамуы» атты элективті курсы, мәдени жағдаяттар жүйесі, шығармашылық ойлауды кезеңдермен дамытудың ғылыми-әдістемелік нұсқаулары дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді;
- зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, колледждердің, жалпы білім беретін

мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру курстарында және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Касымова Гулжайна Куралбаевна. Диссертациялық тақырыбы: «E-learning білім беру жүйесі негізінде студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыру».

Мамандығы: 6D010300 - Педагогика және психология.

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі – Қазақ тілі.

Ғылыми кеңесшілері:

Кошербаева Айгерім Нуралиевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор және **Сангилбаев Оспан Сейдуллаевич** – психология ғылымдарының докторы, профессор.

Мохамад Брури Трионо – доктор, Джокаярта мемлекеттік университетінің профессоры, Индонезия Республикасы.

Рецензенттер:

Бузаубакова Клара Джайдарбековна - педагогика ғылымдарының докторы, М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің " Білім берудегі менеджмент" кафедрасының меңгерушісі, Тараз қ., Қазақстан (мамандық шифры:13.00.01).

Даулеткулова Айгул Утегеновна - педагогика ғылымдарының кандидаты, Сулейман Демирель университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы қ. Қазақстан (мамандық шифры 13.00.01).

Қорғау 2021 жылдың 31 мамырында өтті.

Зерттеудің көкейкестілігі. XXI ғасырдағы білім беруді ақпараттандырудың жаңа кезеңі e-learning білім беру жүйесін енгізумен байланысты. Қазақстанның болашақ мұғалімдері қашықтықтан оқыту технологиясын зерттейтін болады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының (ҚР) Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мәлімдеді: «Жоғары оқу орындарын оқыту шеңберінде біз қашықтан оқытудың міндетті модулін де енгіземіз. Біздің университетте оқып жатқан болашақ мұғалімдеріміз осы технологияларды, әдістер мен құзыреттердің барлығын игеруі керек».

Сонымен қатар, ҚР-ның білімі мен ғылымын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары Қазақстандық білім мен ғылымның, білім берудің, жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген жеке тұлғаны даярлаудың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін дамыту мен арттыру болып табылады.

Қазіргі таңда E-learning білім беру жүйесі қоғам дамуындағы білімді ақпараттандыру мен дамытудың, бәсекеге қабілеттіліктің, әлемдік білім кеңістігіне енудің басты құралына айналып отыр. Осындай білім беру саласындағы өзекті мәселе – Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында айқын көрініс тапқан.

E-learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Ақпараттық технологиялардың арқасында сабақ беру әдісі жаңаланып, білім беру үрдісіне қатысушылардың міндеті өзгереді. Электронды оқыту жүйесі оқытушылар мен студенттерге білім берудегі жаңа бағытты үйретеді. E-learning білім беру жүйесінің мазмұны – сандық технологияларды, құрылғылар мен бағдарламаларды пайдаланудың әр түрлі тәсілдерін қолдана отырып, студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыруды көздейді. Демек, болашақ педагогтарымыз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы:

- e-learning білім беру жүйесінде студенттердің танымдық құзыретін қалыптастырудың теориялық негіздері мен әдіснамалық туғырлары айқындалды;

- e-learning білім беру жүйесінде студенттердің танымдық құзыретін қалыптастырудың принциптері сипатталды және заманауи ақыл-ой интеллекттердің дидактикалық мүмкіндіктері анықталды;

- e-learning білім беру жүйесінде студенттердің танымдық құзыретін қалыптастырудың анықтамасы нақтыланып, құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

- e-learning білім беру жүйесінде студенттердің танымдық құзыретін қалыптастырудың әдістемесі жасалынды, оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент арқылы тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- зерттеу негізінде жасалған оқу-әдістемелік материалдар, e-learning бағытындағы «Электрондық оқыту арқылы танымдық қабілеттерді дамыту» атты бағдарлама;

- CLIL, CALLA, Problem based learning, Case study технологиялары және авторлық диагностика;

- Абай атындағы ҚазҰПУ-да Республикалық оқу-әдістемелік кеңес жанындағы (Білім беру) мамандықтар тобындағы оқу-әдістемелік кеңестің (ОӘБ) жариялауға ұсынған «Scenarios of monitoring and pedagogical measurements» бірлескен авторлық оқу құралы (2020ж.); «Тілдің феномендік нейробиологиясы» ЖОО оқытушыларына арналған неміс тіліндегі ұжымдық монография (Ресей, 2018).

Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлауда оқу процесінің жетістігін арттыру үшін қолданылуы мүмкін.

Бураева Жанат Бауыржановна. Диссертация тақырыбы: «Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру».

Мамандығы: 6D010300 — Педагогика және психология.

Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалған.

Қорғау тілі – Қазақ тілі.

Ғылыми кеңесшілері:

Таубаева Шаркуль Таубаевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Беркимбаев Камалбек Мейрбекович – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

Гриншкун Вадим Валерьевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті, Мәскеу қ., Ресей.

Рецензенттер:

Кеңесбаев Серік Мұхтарұлы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы, Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры: 13.00.08 - Кәсіби білім беру теориясы мен әдістемесі).

Тұрғынбаева Ботагүл Алтаевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры: 13.00.01 - Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика).

Қорғау 2021 жылдың 31 мамырында өтті.

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі кезеңде қоғам біздің қалыпты өмір сүру дағдыларымыз түбегейлі өзгертетін төңкерістің бастауында тұр, әлем технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең әрі қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді.

Отандық жоғары білім беру жүйесін жетілдіруге негіз болатын бағдар «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында «...даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру» ретінде айқындалған.

Ел президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында білім беру сапасын жақсарту

бағытындағы іс-шараларды кешенді іске асыру міндеттелді. Ол Төртінші өнеркәсіптік революцияның қарқынды дамуы үдерістерімен анықталады, онда адам капиталының рөлі күшейе түседі. Мұндағы басты ерекшелік білім беру, стейкхолдерлердің жаңа талаптары, ғаламдық жаңа талаптар, білім беру провайдерлері арасындағы ғаламдық бәсеке, жүйе ішілік инноваторлар (оқу орындары).

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында іске асырудың бес негізгі бағытының бірі: «Адами капиталды дамыту - жаңа жағдайға - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру» ретінде белгіленген. Соның ішінде, адами капиталды дамыту бойынша базалық АКТ құзыретімен шығарылған мамандар санының өсуі 2022 жылы 300000 адамға жеткізу нәтижелік көрсеткіш ретінде анықталған. Бұл бағыт жоғары білім беру жүйесінде креативті қоғамда кәсіби өсуге даяр, педагогикалық креативтілікке ие болашақ информатика мұғалімдерін даярлауды өзектілендіреді.

Ал, *Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында* «Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту» міндеті қойылған.

Жоғарыда көрсетілген талаптар жоғары білім беру жүйесінде болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастырудың ғылыми тұрғыдан зерттелуі қажеттілігін айқындайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні

1. Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру мәселесін зерттеудің тарихи-педагогикалық және әдіснамалық негіздері анықталды;

2. Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастырудың теориялық негіздері анықталды;

3. Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастырудың қызметтік-үдерістік моделі даярланды;

4. Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін ағылшын тілінде меңгерілетін пәндерді оқытуда қалыптастырудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін ағылшын тілінде меңгерілетін пәндерді оқытуда қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік кешен әзірленіп, оқыту үдерісіне ендірілді: элективті курстың бағдарламасы: «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар»; оқу құралдары: «Ағылшын тілі. Болашақ информатика мұғалімдеріне арналған оқу құралы», «Педагогика. Креативті педагогика»; «Педагогика. Креативті педагогика» электрондық оқу құралы.

Зерттеудің нәтижелерін жоғары білім беру ұйымдарында болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде, кәсіби біліктілікті жетілдіру орталықтарында, педагогикалық колледждер мен жалпы орта білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында қолдануға болады.

Абижанова Асем Шаймерденовна. Диссертация тақырыбы: «Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту»

Мамандығы: 6D010700-Бейнелеу өнері және сызу.

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі – Қазақ тілі.

Ғылыми кеңесшілер:

Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Ömer Zaimoğlu - доктор, профессор, Ақдениз университеті, Анталия қ., Түркия.

Рецензенттер:

Мұсалимов Теміржан Құмхаметұлы - педагогика ғылымдарының докторы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан (мамандық шифры 13.00.08-Кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесі мамандығы бойынша).

Әуелбеков Ержан Бұраханұлы - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.01- Жалпы педагогика және білім тарихы, этнопедагогика).

Қорғау 2021 жылдың 31 мамырында өтті.

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі уақытта мемлекеттің өркениетті озық отыз елдің санатына қадам басуы мен төртінші өнеркәсіптік революция дәуірі жағдайында ұлттық, рухани және материалдық қорлардың негізін зерделеу, оларды тиімді жүзеге асыру мәселелері ерекше көкейкестілікке ие болып отыр. Ал бұл болса, мәдениет салаларын дамытуды, оның қалыптасып дамуындағы жетістіктер мен озық дәстүрлерді, халық тәжірибесін болашақ ұрпаққа жеткізуді қажет етеді. Оның үстіне бүгінгі бәсекеге қабілеттілік заманында бәсекеге қабілеттілікті шыңдайтын сапаның бірі – шығармашылық, соның ішінде көркемдік-шығармашылық болып саналады. Олай дейтініміз шығармашылыққа бәсекеге қабілеттіліктің негізін құрайтын адами-тұлғалық, интеллектуалдылық-ойлылық, терең саналылық, кең білімділік, жан-жақты біліктілік, жоғары мәдениеттілік сапалар құраса, көркемдік-шығармашылыққа - эстетикалық, этикалық, руханилық, руханиадамгершілік, зияттылық қасиеттерден тұратын ізгілікті қоғам жасауға үлес қосу сапасы жатады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың теориялық негіздері айқындалды;

- ұлттық кестенің мазмұны мен көркемдік-шығармашылық мәні анықталды;

- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді, оны ендіру бойынша ұсыныстар берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың әдістемесі (көркемдік-шығармашылық әлеуетін айқындау мен қалыптастыру әдістемелері, диагностика және т.б.);

- бейіндеуші міндетті пәннің мазмұнына қосымшалар;

- «Ұлттық кесте өнері - тұлғаның көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту құралы» атты элективті курс бағдарламасы - «Ұлттық кесте өнері» шеберханасы жасалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді.

Зерттеу жұмысының барысында қол жеткізген нәтижелер мен әзірленген нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеудің теориялық және практикалық материалдарын жоғары педагогикалық оқу орындарында, көкемөнер саласы оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептердің, арнайы көркемөнер лицейлерінің, колледждердің тәжірибесінде, педагог мамандардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

5.Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдармен бірге)

2021 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) докторы дәрежесін беру үшін қорғалатын Диссертациялық кеңеске өтініш берген докторанттардың ғылыми зерттеу жұмыстарына ресми рецензенттер ретінде республикадағы білікті мамандар тағайындалды. Рецензенттерді іріктеу кезінде тәуелсіздік ұстанымы

басшылыққа алынды. Рецензенттер пікірлері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына және бекітілген Диссертациялық кеңес туралы ережесіне сәйкес рәсімделуі қадағаланды.

Қорғауға шыққан докторанттардың барлығына рецензенттер оң пікірлерін берілді. Сондай-ақ рецензенттер жұмыстарды жетілдіру, дамыту бағытында өз ұсыныстарын беріп отырды. Алайда диссертациялар бойынша берілген ескертулер мен көрсетілген кемшіліктердің зерттеу еңбектерінің жалпы ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне нұқсан келтірмейтіні ашып көрсетілген.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар

1. Қорғауға докторанттарын ұсынып отырған білім беру бағдарламаларының жетекшілеріне түлектерінің JCR деректері бойынша импакт-факторы (немесе Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базасында индекстелетін) бар немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда өз уақытында жариялануын қадағалауды күшейту, қажет болған жағдайда докторанттарға ғылыми-әдіснамалық көмек беру.

2. Білім беру бағдарламалары жанындағы Ғылыми консультативті- атестациялық кеңесте докторанттардың қазіргі қоғам сұранысы мен уақыт талабына жауап беретін, нақты практикалық маңызы бар ғылыми зерттеу тақырыптарын таңдап алуларына және докторанттың жеке жұмыс жоспарына сай диссертациялық жұмыстарының орындалуын талқылау, қажетті ұсыныстар беру жұмыстарын жандандыру.

3. Диссертациялық жұмысты қорғау барысында толтырылуы қажет құжаттар санын азайту.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

	Мамандық 6D010300 — Педагогика және психология	Мамандық «6D010700- Бейнелеу өнері және сызу»
Қорғауға қабылданған диссертациялар оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан	4 1	1
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан)	-	-
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан)	-	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ны докторанттарынан).	-	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

«31» желтоқсан, 2021ж.



Әмұхамбетов Б.А.

Сманова А.С.